

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған Индикативтік жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 15 қыркүйек N 1398

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 наурыздағы N 432 P000432_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған негізгі бағыттары бекітілсін және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған негізгі көрсеткіштерінің болжамы мақұлдансын (1,2-қосымшалар).

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары:

1) 2000 жылдың 1 қазанына дейін облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001 жылға арналған индикативтік жоспарларын мүдделі министрліктер мен агенттіктерде келісуді қамтамасыз етсін;

2) 2000 жылдың 20 қарашасына дейін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына 2001 жылға ұсыныстар берсін. Іс-шараларды әзірлеген кезде Қазақстан Республикасы Президентінің іске асыру мерзімі 2001 жылға келетін, Қазақстан Республикасының Үкіметіне берген тапсырмаларын ескерсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі ұлттық компаниялармен бірлесе отырып белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұлттық компанияларды дамытудың 2001 жылға және 2001-2005 жылдарға арналған жоспарларын енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі заңнамамен белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар субъектілері Мемлекеттік тіркелімінің республикалық бөліміне енгізілген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне 2001 жылы тарифтердің шекті өсуін бекітсін.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі заңнамамен белгіленген тәртіппен 2001 жылға арналған ең төменгі күнкөріс деңгейі және кедейлік шегі көрсеткіштерінің мөлшерлерін бекітсін.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қолдау министрлігі заңнамамен белгіленген тәртіппен 2001 жылға арналған жұмыссыздық деңгейінің мөлшерлерін
б е к і т с і н .

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі:

1) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2001-2003 жылдарға арналған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасының жобасын енгізсін;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдармен және ұлттық компаниялармен бірлесе отырып, 2001 жылы Жоспардың негізгі көрсеткіштерінің болжамымен салыстырмалы алғанда елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне тоқсан сайын ақпарат беріп отырсын.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы
15 қыркүйектегі
N 1398 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының
2001 жылға арналған индикативтік жоспары

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының
2001 жылға арналған негізгі бағыттары

1. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын талдау

Дүниежүзілік экономиканың даму үрдістері

Қазіргі уақытта дүниежүзілік экономикада оң үрдістер нығаюда ал Азиядағы, Латын Америкасындағы және Ресейдегі қаржы дағдарыстарымен байланысты 1997-1998 жылдардағы құлдыраудың салдарлары толығымен дерлік жойылды.

АҚШ-тың экономикалық өсу қарқыны жөніндегі болжам оның 2001 жылы 3,0%-ға дейін ықтимал төмендеуі арқылы 2000 жылы 4,9% құрайды. Шамасы осындай қарқын тұрақты болады және кейінгі бес жыл бойына жалғасады. Ахуал ең алдымен қор рыногының дамуына байланысты болады. Американдық акциялардың жиынтық капиталдануы ЖІӨ-нің 150%-ына жетті.

Еуропалық Одақ үшін экономикалық өсу 2000 жылы 3,5%, 2001 жылы 3,3% шамалануда. Бұл бірінші кезекте өткен жылы Франция мен Германияның экономикалық дамуында күткеннен гөрі анағұрлым жоғары жетістіктерге жетулермен байланысты. Енді 2001 жылы ЕО экономикалық өсу қарқыны бойынша АҚШ-ты қуып жетіп, Жапонияны айтарлықтай басып озуы мүмкін.

Бюджет тапшылығының қысқаруы жүріп жатыр. Болжамдар бойынша, 2001

жылы Еуропаның мемлекеттік бюджеттерінің теңгерілуі болып өтеді. Орнықты экономикалық өсудің тұрақты кезеңінің еңбек рыногындағы құрылымдық ілгерілеулермен жиынтығы таяудағы болашақта мемлекеттік бюджеттердің шамалы профицитіне әкеледі. Егер ЕО елдерінің ЖІӨ 2%-ға төмендейтін болса, ерекше жағдайларда бұл бюджеттер тапшылық жағдайында болады.

ЕО елдерінің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік
бюджетінің жай-күйі
(ЖІӨ-нен %-бен алғандағы дефицит/профицит)

	2000	2001
Еуро-аймақ	-0,3	0,4
Германия	0,0	0,5
Франция	-1,0	-0,2
Италия	-0,7	0,3
Испания	-0,1	0,8
Нидерланды	1,6	1,7

Тұтасымен алғанда оңтүстік-азиялық аймақ бойынша құлдыраудың ізінше, шұғыл жанданудан кейін бұл елдер экономикасының жай-күйі жеткілікті деңгейде орнықты болып қала береді. 2000 жылға арналған болжам аймақтық ЖІӨ-нің 6,5%-ға өсуін шамалайды. Дүниежүзілік экономикада қандайда да бір катаклизмдер болмаған жағдайда орта мерзімді кезеңге ЖІӨ-нің өсімінің орташа жылдық қарқыны аймақтағы елдер өздерінің дағдарыстық жағдайдан шыққанын және бұрынғы қалыптарына келуге дайын екендіктерін көрсеткен 1999 жылғыдан төмен болмауы көзделеді.

Қытай бұрынғысынша алған қарқынын бәсеңдететін емес. Осы кезеңге алғанда таяу перспективада да осындай өсу сақталады деп сендірудің барлық алғышарттары бар. Дүниежүзілік экономиканың ғаламдық сипат алуы, жойылып келе жатқан сауда кедергілері бұл елді аса ірі сауда державаларының қатарына қояды. ЖІӨ 2000 жылы 7,0%-ға, ал 2001 жылы 6,5%-ға өседі деп күтілуде.

Латын Америкасы елдерінің көпшілігінде экономиканың орташа өсу қарқынының 2000 жылы 4% деңгейінде тұрақты жандануы жүретін болады. Бразилияның экономикасы биылғы жылы 4%-ға және 2001 жылы 4,5%-ға артады. Мексикада экономикалық өсудің қарқыны үстіміздегі жылы 4,5% ал келесі жылы 5,3% құрайды.

Ресейде 2010 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегияны іске асыру ЖІӨ-нің өсу қарқынын 10 жылдық кезең бойына орташа алғанда жылына кем дегенде 5-6%-ға қамтамасыз етуі тиіс. Жекелеген жылдарда өсу 8-10%-ға дейін шапшаңдатылуы мүмкін.

Халықаралық қаржы ұйымдарының болжамдары бойынша дүниежүзілік экономикалық өсу 2000-2001 жылдары 1999 жылға қарағанда жоғары болады.

Әлемде жалпы ішкі өнімнің нақты өзгерісінің болжамы
өткен жылға %-бен алғанда

	1998	1999	2000	2001	
Дүниежүзілік экономика		2,8	3,3	4,2	3,9
Дамыған елдер		2,4	3,1	3,6	3,0
Дамушы елдер		3,2	3,8	5,4	5,3

Ауыспалы экономикалы елдер	-0,7	2,4	2,6	3,0
----------------------------	------	-----	-----	-----

соның ішінде

Ресей	-4,5	3,2	4,0	15,0
-------	------	-----	-----	------

Орталық Азия	2,3	4,4	4,9	3,7
--------------	-----	-----	-----	-----

Дүниежүзілік экономиканың, сондай-ақ шекара бойындағы мемлекеттердің және ең алдымен Ресейдің тұрақты және үдемелі дамуы Қазақстанның экономикалық өсуіне алғышарттар жасайды.

Қазақстан экономикасының ағымдағы жай-күйі

1999 жылдың екінші жартысынан бастап Қазақстан экономикасында экономиканың нақты секторының барлық салаларында өндіріс көлемдерінің үдемелі ұлғаюы жүруде. 1999 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ 1998 жылғымен салыстырғанда 1,7%-ға өсті.

Экономиканың өсуінің оң үрдістері 2000 жылы да жалғасуда. Бағалау бойынша 2000 жылы жалпы ішкі өнімнің өсімі 1999 жылғымен салыстырғанда 5% құрайды. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 8%-ға, инвестициялар - 15%-ға өседі. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі бағалау бойынша, 6-9%-ға қысқарады. Бұл ретте өсімдік шаруашылығында 13.3%-ға төмендеу, ал мал шаруашылығында 0,5%-ға өсу болды.

Экономикалық өсу 2000 жылы салыстырмалы алғанда инфляцияның төмен деңгейі жағдайында жүруде және Қазақстан Республикасының Үкіметімен Ұлттық Банктің макроэкономикалық тұрақтандыруды қамтамасыз ету жөніндегі сындарлы жұмысының нәтижесі болып табылады. 1999 жылдың сәуірінен бастап Қазақстанның Ұлттық Банкі еркін өзгермелі айырбас бағамы саясатын жүргізуде. Нәтижесінде экспорттың өсуі мен сауда және төлем баланстарының тұрақты жақсару үрдісі байқалады. 2000 жылдың аяғына қарай экономиканы монетизациялау деңгейі ЖІӨ-нің 15,3%-ын құрайды. Ұлттық Банктің жалпы және таза алтын валюталық активтері, сондай-ақ банк жүйесіндегі депозиттері өсуде. Банктердің несиелік қоржынының сапасын жақсарту жөніндегі жұмыс жалғастырылуда. Банк мекемелері санының азаюына қарамастан, банктерді капиталдандырудың тұрақты өсу үрдісі сақталуда.

Дүниежүзілік тауар рыноктарының конъюнктурасының жақсаруы және

халықаралық экономиканың экономикалық өсуінің жаңғыруы, сондай-ақ теңгенің құнсыздануы мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің өсуіне мүмкіндік туғызды. Барлық мемлекеттік бюджеттен тыс қорларды мемлекеттік бюджеттің құрамына енгізу, республикалық және жергілікті бюджеттердің арасында кіріс көздері мен шығыс баптарын заңды түрде нақты арасында кіріс көздері мен шығыс баптарын заңды түрде нақты бөлу, сондай-ақ үш еркін экономикалық аймақты жою мемлекеттік бюджетке түсімдерді жұмылдыруға мүмкіндік берді. Өндірістің өсуімен қатар, сондай-ақ мемлекеттік бюджетті орындау саласында да жақсы нышандар байқалуда. 2000 жылы мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер көлемі 1999 жылғымен салыстырғанда бағалау бойынша, ЖІӨ-нің 22,1%-ын құрайды.

2. Макроэкономика - жай-күйі және перспективалары

Экономикалық өсу тез өзгеріп жатқан сыртқы және ішкі жағдайлардың барысында өтуде. Экономиканың бәсекелестік қабілетінің артуы экономикалық өсудің басты факторы болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық саясаттың 2001 жылға арналған басты мақсаты 2000 жылы қол жеткен экономикалық өсуді сақтау және көбейту, халықтың табысы мен жұмыспен қамту деңгейін арттыру болып табылады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің 2001 жылға арналған болжамы қолайлы сыртқы факторларды сақтауға және ішкі экономиканың әлеуетін одан әрі жандандыруға, Үкімет пен Ұлттық Банктің дүниежүзілік экономикалық процестерге шапшаң және аз шығындармен бейімделу қабілеттілігіне негізделеді.

Жалпы ішкі өнім 2001 жылы 4% өсіммен шамалануда. Бұған өнеркәсіп өндірісі көлемдерінің 8% кем емес болжалды өсімі мүмкіндік туғызатын болады. Құрылыста отандық құрылыс компанияларын мердігерлік жұмыстарға тарту үрдісі берік орын алады. Импортты алмастыру мен инвестициялардың мемлекеттік бағдарламалары бойынша құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының өнеркәсібін дамыту үшін жағдайлар жасалатын болады. Осының салдарынан 2001 жылы негізгі капиталға тартылатын инвестициялар көлемінің өсімі 22% деңгейінде болжануда.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің, құрылыстың көлемдерінің экономика субъектілері кірістерінің нақты өсімімен жиынтық ұлғаюы елдің көлік кешенінің және басқа да қызмет көрсету салаларының дамуына қолайлы жағдай туғызатын болады.

2001 жылы инфляция деңгейі жыл аяғына алғанда 5,5% шегінде болжануда.

Қазақстанның жалпы ішкі өнімінде тауарлар өндірісінің үлесі 1999 жылғы 40,2%-ға қарағанда 2001 жылы 46,3% деңгейінде болжануда.

1999-2001 жылдардағы жалпы ішкі өнімнің құрылымы

	1999 есеп	2000 бағалау	2001 болжам
Жалпы ішкі өнім, %	100	100	100
Тауарлар өндірісі	40,2	43,4	46,3
Өнеркәсіп	25,6	29,7	23,3
Ауыл шаруашылығы	9,9	8,7	8
Құрылыс	4,7	4,9	4,9
Қызметтер көрсету өндірісі	53,5	50,3	47,4
Таза салықтар	6,3	6,3	6,3

Түпдерек: Қазақстан Республикасы Статагенттігі, Экономикамині

Жалпы ішкі өнімнің өсуі ақша массасының теңбе-тең өсуімен қабаттаса жүретін болады. ЖІӨ-нің болжалды өсуіне 2001 жылы (4%) ақша айналымының жылдамдығы 6 және ақша массасының өсуі 20,5% болғанда қол жетеді.

ЖІӨ және Ұлттық Банкті 1999-2001 жылдардағы монетарлық шолу

	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.
Жалпы ішкі өнім			
млрд. теңге	1893,5	2289	2535
өткен жылға %-бен алғанда (нақты)	1,7	5	4
Ақша базасы			
млрд. теңге	126,2*	130,1	143

өткен жылға %-бен алғанда (атаулы)	53,7	2,7	9,9
------------------------------------	------	-----	-----

Ақша массасы

млрд. теңге	273,9*	350,1	421,9
-------------	--------	-------	-------

өткен жылға %-бен алғанда (атаулы)	84,4	27,8	20,5
------------------------------------	------	------	------

Монетизациялау деңгейі, %	14,5	15,3	16,6
---------------------------	------	------	------

* қорытынды айналыммен

Түпдерек: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Статагенттігі,
Экономикамині

2001 жылы мемлекеттік бюджетке түсімдер 23,1%, соның ішінде салық түсімдері ЖІӨ-нің 19,2-ын құрайды.

Мемлекеттік бюджеттің шығыстары мен несиелендіруі жалпы ішкі өнімнің 25,3%-ын құрайды. 2001 жылы бюджет тапшылығы ЖІӨ-нің 2,2%-ынан аспайтын болады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Үкіметтің жинақталған берешегін жүйелі түрде өтейтін болады. Уақытында төленген зейнетақылар, жалақы, мемлекеттік және әлеуметтік жәрдемақылар нәтижесі ретінде тауарлар мен қызмет көрсетулер мемлекеттік тұтынуды айтарлықтай ұлғайтады.

(Мемлекеттік бюджеттің негізгі көрсеткіштері (ЖІӨ-ге %-бен алғанда))

	1999 есеп	2000 бағалау	2001 болжам
Түсімдер	21,1	22,1	23,1
Кірістер	20,8	21,9	22,9
Салықтық түсімдер	17,4	18,9	19,2
Салықтық емес түсімдер	1,4	1,6	1,9

Капиталмен жүргізілетін

операциялардан түсетін кірістер	1,9	1,4	1,8
Шығыстар және несиелендіру	24,7	24,9	205,3
Тапшылық (профицит)	-3,7	-2,8	-2,2

1999 жылдан бастап тауарлар мен қызмет көрсетулердің сауда балансы экспорттың импорттан озыңқы өсуімен сипатталады. Ел экономикасының тауарлар мен қызметтер импортына тәуелділігіне қарамастан Қазақстан Республикасының Үкіметінің отандық өнеркәсіп өндірісінің бәсекелестік қабілетін жоғарылату жөніндегі саясаты сыртқы сауда рыноктарындағы қолайлы конъюнктурамен бірге алғанда елдің төлем балансына жағымды әсер етеді.

Қазақстан Республикасының 1999-2001 жылдардағы төлем балансы
(млн. АҚШ доллары)

	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.
Ағымдағы шот	-170,7	1036	554
Тауарлар мен қызмет көрсетулердің таза экспорты	172,2	1702	1126
Кірістер (таза кіріс)	-499,7	-776	-682
Ағымдағы трансферттер	156,7	110	110
Капиталмен және қаржымен жүргізілетін операциялардың шоты	1065,1	1284	1198
Тікелей инвестициялар (таза баға)	1583,5	1258	964
Жалпы баланс	253,6	537	34

Түпдерек: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Тұтасымен алғанда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы 2001 жылы мынадай макроэкономикалық көрсеткіштерімен сипатталады:

(ағымдағы бағалармен, млрд. теңге)

	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.
Жалпы ішкі өнім	1893,5	2289	2535
Жалпы қолдағы ұлттық табыс	1852,4	2193,6	2447,7
Ағымдағы трансферттер ескерілген таза факторлық кіріс	-41,1	-95,4	-87,3
Тұтынуға жұмсалатын шығыстар	1611,8	1639	1864,7
Жалпы инвестициялар	337	405,2	499
Тауарлар мен қызмет көрсетулердің таза экспорты	20,6	243,9	172
Жинақтар	240,6	554,6	583
Сыртқы тепе-теңсіздік (операциялардың ағымдағы шотының сальдосы)	-96,4	149,5	83,6

Түпдеректер: Қазақстан Республикасының Статагенттігі, Ұлттық Банкі,
Қаржымині, Экономикамині

3. Әлеуметтік-экономикалық дамудың 2001 жылға арналған негізгі бағыттары

Ақша-несие саясаты

2001 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі саясатының негізгі мақсаты - бұл өндірістің инфляциясыз өсуі үшін қолайлы макроэкономикалық жағдайлар жасау. Осыған байланысты Ұлттық Банктің негізгі күш-жігері инфляцияны салыстырмалы төмен деңгейлерде ұстауға және теңгенің тұрақтылығын сақтауға бағытталатын болады.

2001 жыл бойы Ұлттық Банк теңгенің еркін өзгермелі айырбас бағамын ұстау ниетінде. 1999 жылдың сәуірінен бастап жүргізіліп келе жатқан отандық тауар өндірушілердің өнімін экспорттау үшін қолайлы жағдайлар туғызу саясаты өзінің нәтижесін беруде. Таза экспорттың күтілетін өсімі сауда балансының айтарлықтай оң сальдосын және ағымдағы шоттың оң сальдосына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Қаржы рыногының тұрақтылығын сақтау халықтың сенімін арттырудың және оның жинақтарын қаржы секторына тартуды жандандырудың ажырамас шарты болады. Ұйымдасқан қаржы рыногының барлық сараланымдарының тұрақтылығын арттыру үшін шоғырландырылған негізде қадағалау әдістері енгізілетін, банк қызметінің қатерлерін басқару жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады.

Банктердің экономиканы несиелендіруді ұлғайтуға жәрдемдесуін инфляция деңгейін, теңгенің айырбас бағамын, сыртқы және ішкі қаржы рыноктарының жай-күшін ескере отырып қайта қаржыландырудың ставкасын төмендету жолымен жүзеге асыру жоспарлануда. Вексельдік рынокты бірге дамыту - бұл экономиканы несиелендіру әлеуетін арттыратын болады.

Бірінші сыныпты эмитенттердің вексельдерін қайта есептеу және банктерге қысқа мерзімді несиелер беру арқылы банктерді қайта қаржыландыру процесін жандандыру жүзеге асырылатын болады.

Депозиттерді міндетті ұжымдық сақтандыру жүйесін одан әрі жетілдіру жүйенің қатысушы-банктерін көбейтуді көздейді. Екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу жөніндегі талаптарға қол жеткізу мүмкіндігіне қарай сақтандыру объектілерінің, өтелетін соманың тізбесі және басқа параметрлер кеңейтіледі. Депозиттердің өсуі банктердің ресурстық базасын және сол арқылы банктердің несиелік әлеуетін айтарлықтай ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Сенімді сақтандыру жүйесін құру сақтандыру компанияларын, оларды қаржылық және институциональдық нығайтуды, жаңа сақтандыру технологияларын енгізуді, инфрақұрылымды дамыту мен сақтандыру рыногын жаңғыртуды қадағалау мен бақылауды күшейтуді көздейді. Сақтандырудың әлеуметтік кепілдіктер мәселелерімен байланысты ерікті түрлеріне үлкен көңіл бөлінетін болады. Сақтандыру ұйымдары көрсетілетін сақтандыру қызметтерінің тізбесі мен сапасын кеңейте отырып, ішкі экономикалық саясаттың жаңа принциптеріне және сақтандыру қызметінің неғұрлым жоғары стандарттарына көшеді.

Төлем жүйесін жетілдіру - ірі төлемдер жүйесі (ІТЖ) өзінің функциональдық мүмкіндіктері бойынша нақты уақыт режимдегі жалпы есеп айырысу жүйесіне барынша жақындатылатын болады.

Қаржы институттарының пошта-сақтық және құрылыс-сақтық мекемелері сияқты жаңа типтері дамытылады.

Ипотекалық несиелендіруді дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасалатын болады. Инвестициялық процесті ынталандыру шеңберінде шағын және орташа

кәсіпорындарды несиелендіру үшін қаржы лизингін қолдану аясы кеңейтілетін болады.

Бағалы қағаздар рыногы мен валюта рыногында туынды қаржы құралдарын, ең алдымен валюталық опциондар мен фьючерстерді пайдалану кеңейтілетін болады.

Ұлттық Банк жүйесінде кәсіпорындардың мониторингін құру ақша-несие құралдарын пайдалануды жақсартуға және кәсіпорындарды басқарудың сапасын арттыруға мүмкіндік туғызатын болады.

С а л ы қ - б ю д ж е т с а я с а т ы

2001 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі бюджет жүйесін реформалауды, перспективалық бюджеттік жоспарлауды жүзеге асыруды, орталық пен аймақтардың өзара бюджеттік қатынастарын орташа мерзімді тұрақты нормативтер принциптеріне көшіруді, мемлекеттік шығыстарды нормативтік базаны қалыптастыру және жетілдіру негізінде басқаруды, бюджет процесін реттеуді, сыртқы қарызға алу стратегиясын іске асырудың әдістерін жетілдіруді, түпкілікті займшылардың бюджет қаражатын қайтару тәсілдерін қалыптастыруды, мемлекеттік бюджет тапшылығын қысқартуды жалғастыру н и е т і н д е .

Бюджет саясатының басымдықты бағыттары ретінде мыналар белгіленген: түсімдердің, шығыстардың және несиелендірудің көлемдерін анықтауды, сондай-ақ бюджет тапшылығының мөлшерін бағалауды қоса алғанда, бюджеттің негізгі параметрлерін орташа мерзімді жоспарлауға көшу;

бюджеттік бағдарламалардың қаржылық шығындары мен олардың орындалу нәтижелерінің салыстырымдылығы негізінде бюджеттік қаржыландырудың басымдықтарын таңдау әдістерін жетілдіру;

бюджет шығыстарын тиісінше үнемдеу үшін жекелеген тиісті нормалар енгізуді қоса алғанда, негізгі бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарды жоспарлаудың н о р м а т и в т і к ә д і с і н е н г і з у ;

мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру саясатын жалғастыру және орталық пен аймақтардың республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламаларын қаржыландыру үшін жауапкершіліктерін бөлу процесін одан әрі жетілдіру;

жинақталған несиегерлік берешекті қысқарту және қаржы міндеттемелерін тіркеудің бюджеттің жаңа берешектерінің өсуіне кедергі болатын тетіктерін жетілдіру.

Орталық пен аймақтар арасындағы өзара қатынастар орташа мерзімді перспективада тұрақты бола бастайды және экономиканың нақты секторын дамытуды көтермелеуге, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, салық салынатын базаны кеңейтуге және соның салдары ретінде, облыстардың кірістерін ұлғайтуға бағытталатын болады. Бұл ретте, орталыққа және облыстарға түсетін кірістерді бөлу де осы сияқты орташа мерзімді кезеңде тұрақты болады.

Аймақ пен орталықтың облыс пен ауданның тұрақты және әділ өзара қарым-қатынастары елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі басымдықтарын қамтамасыз етуге жәрдемдесуі тиіс.

Үкімет мемлекеттің жаңа несиегерлік берешегінің жиналмауы жөнінде шаралар қабылдайтын болады. Бюджетті жоспарлауда және бюджеттің міндеттемелерін анық тіркеуде шынайылыққа қол жеткізу осы проблеманы шешу әдістерінің бірі болып табылады.

Жүргізілетін салық саясатының негізгі мақсаты мемлекеттің және салық төлеушінің мүдделерін үйлесімді біріктіре алатын салық жүйесін құру болып табылады. Осыған байланысты салық заңнамасын жақсарту жөнінде шаралар қабылданады.

Салық заңнамасын жетілдіру жөніндегі қызметтің негізгі бағыттары болып табылатындар:

шаруашылық жүргізуші субъектілерге салық жүктемесін жүйелі түрде кеміту;
барлық салық төлеушілер үшін шаруашылық жүргізудің бірдей жағдайларын туғызу;

оның қарапайымдылығын және түсініктілігін барынша қамтамасыз ете отырып салық заңнамасын әзірлеу.

Үкімет әділдік, анықтық, қолайлылық, үнем, қарапайымдылық және бейтараптық сияқты салық салудың негізгі принциптерін сақтайтын және қорғайтын болады.

Салық заңнамасын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды өткізудің мақсаты салық салу базасын кеңейту, қазіргі уақытта қолданылып жүрген салық жеңілдіктерін реттеу жолымен салық және басқа да бюджетке міндетті төлемдердің түсімдерін ұлғайту, салықтық емес сипаттағы қолданылып жүрген алымдар мен төлемдердің көпшілігін жүйелеу, салықтық әкімшілік етуді жақсарту болып табылады.

Сыртқы экономикалық қызметті ашық жүзеге асыратын, мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілер мүдделерінің балансын қамтамасыз етуге бағытталған кедендік саясат шеңберінде Үкімет іс-қимылдардың мынадай бағыттарын қарастырады:

кедендік рәсімдердің тиімділігін оңайлатуға және бір мезгілде арттыруға мүмкіндік беретін халықаралық нормаларды бар мүмкіндігінше пайдалану жолымен оның қол жетімділігін және қарапайымдығын қамтамасыз ету мақсатында кедендік заңнаманы одан әрі жетілдіру;

бұл ретте рыноктарда өзгеріп отыратын жағдайларға байланысты тарифтердің икемділігін мүмкіндігінше қамтамасыз ете отырып, отандық тауар өндірушілер мен тұтынушылардың мүддесінде кедендік тарифтерді және тарифтік емес реттеу шараларын белгілеу;

контрабандамен және кедендік ережелерді бұзушылықпен күрес жөніндегі міндеттерді жүзеге асырудың тиімділігін арттыру;

салық қызметінің, банктердің және банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдардың, құқық қорғау органдарының осындай жүйелерімен қосылатын, кедендік органдардың бірыңғай автоматтандырылған жүйесін құру жөніндегі іс-шараларды іске асыру.

Инвестициялық сала

2001 жылы экономикалық өсудің шешуші факторларының бірі ретінде инвестициялар саласындағы Үкімет саясаты:

инвестициялық белсенділікті арттыруға;

шетелдік және отандық инвесторлар үшін жағдайларды теңестіруге;

капиталдардың сыртқы рыноктарында Қазақстанның беделін нығайтуға, мемлекеттік инвестицияларды оңтайлы және тиімді пайдалануға; жеке меншік инвестициялар құйылымын ұлғайтуға:

жеке меншік капиталды және халықтың жинағын тарту жөніндегі тетіктерді жетілдіруге бағытталады болады.

Мемлекеттік инвестициялық саясат бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін тікелей инвестициялау және жалпы инвестициялық климатты жақсарту нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жолымен - жанама инвестициялау әдістерін ұштастыратын болады.

Тікелей мемлекеттік инвестициялау Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасын және аймақтық инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы республикалық бюджеттің қаражаттары, соның ішінде сыртқы үкіметтік займдар мен гранттарды тарту жолымен қалыптастырылатын, сондай-ақ үкіметтік кепілдіктермен берілетін мемлекеттік емес займдардың есебінен қаржыландырылатын инвестициялық жобаларды іске асыру көзделеді.

Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы шеңберінде:

- көлік инфрақұрылымын дамытуға (Алматы - Астана, Алматы - Георгиевка, Қызыләскер - Киров, Батыс Қазақстан автомобиль жолдарын қалпына келтіру, Астана қаласында халықаралық әуежай салу, темір жол көлігінің қуаттарын жаңғырту және күшейту);

- республиканың елді мекендерінде сумен жабдықтауды және канализацияны жақсартуға (Астана, Атырау қалалары, Арал теңізі өңірінің елді мекендері), топтық суағызғылар салуға;

- ауыл шаруашылығын қолдауға (жекешелендіруден кейінгі ауыл шаруашылығының кәсіпорындарын қолдау ирригациялық және дренаждық жүйелерді

жетілдіру, шегірткелермен күрес);

- әлеуметтік саланы: денсаулық сақтау, білім беру, мәдениетті қолдауға (Астана қаласында аурухана салу, Семей өңірінің ауруханаларына медициналық жабдықтар жеткізу, жалпы білім беретін мекемелерге компьютерлер, жабдықтар және оқулықтар жеткізу, Қазақ ұлттық музыка академиясы үшін музыкалық құралдар жеткізу, Алматы қаласындағы Абай атындағы Мемлекеттік академиялық театрды қайта жаңарту, денсаулық сақтау мен білім беру жүйелерінде реформалар жүргізу);

- Астана қаласын көркейтуге бағытталған жобалар іске асырылатын болады.

Аймақтық инвестициялық бағдарламалар оларды қаржыландыру ішінара немесе толығымен қарызға алу жолымен жергілікті атқарушы органдар тартатын қаражаттың есебінен жүзеге асыру жоспарланатын инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталған. Инвестицияның басым секторларына қаражатты оңтайлы және тиімді инвестициялауды қамтамасыз ету мақсатында аймақтық инвестициялық бағдарламалар міндетті түрде қарызға алынатын қаражаттың игерілетін әрбір жылында Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісуге жіберіледі.

Аймақтық инвестициялық бағдарламалар елді мекендердің тіршілігін қамтамасыз ету объектілерінің ырғақты жұмысын қолдауға, шағын кәсіпкерлікті дамытуға, облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын қайта жаңартуға бағытталған.

Мемлекеттік инвестицияларды оңтайлы және тиімді пайдалану мақсатында Үкімет инвестициялық жобаларды іріктеу, бағалау, дайындау және іске асыру жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру ниетінде.

Инвестициялық саясат жүргізудің жанама тұтқалары ретінде:

инвестициялық қызмет саласында қабылданатын заң шығарушы актілердің сапалық деңгейін халықаралық құқық стандарттарының деңгейіне дейін көтеруге және елдің бүкіл аумағында олардың сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге;

инвестициялық заңнаманың, соның ішінде жер қойнауын пайдалану саласында бірыңғай жүйесін құруға;

қолданылатын рәсімдерді жеңілдету және салық пен кеден органдарының қызметіне ашықтық енгізу жолымен салық және кеден жүйесін одан әрі жетілдіруге;

шетелдік және отандық инвесторлар үшін бірдей жағдайлар жасауға;

ұлттық қауіпсіздіктің талаптарын сақтауды, мемлекеттік құпиялар мен коммерциялық құпияны сақтауды ескере отырып Қазақстандағы инвестициялық мүмкіндіктер туралы инвесторлардың дұрыс, жедел және сапалы деректер алуы үшін іскерлік ақпараттың бәсекелестік рыногын құруға;

инвесторлармен тікелей сұхбатты одан әрі дамытуға және кері байланыс арналарының алуан түрлілігін кеңейтуге;

Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығының елдік рейтингін сақтауға және жоғарылатуға;

сыбайлас жемқорлықпен күресті жандандыруға бағытталған шаралар п а й д а л а н ы л а т ы н б о л а д ы .

Қаржыландыру көздерінің құрылымында жеке меншік инвестициялар үлесінің өсуі б а с т ы б а с ы м д ы қ б о л ы п т а б ы л а д ы .

Алдағы кезеңде инвестициялардың салалық құрылымында басымдықтар мұнай-газ (мұнайды тасымалдауды қоса алғанда), тау-кен және металлургия салаларында, ауыл ш а р у а ш ы л ы ғ ы н д а с а қ т а л а д ы .

Жоғарыда аталған салаларда инвестициялық жобаларды іске асыру шетелдік инвестициялардың есебінен де, сондай-ақ ұлттық компаниялардың меншікті қаражатының есебінен де жүзеге асырылатын болады. Өзен мұнай кен орнын қалпына келтіру, Каспий және Арал теңіздерінің қазақстандық учаскелерінде геологиялық-геофизикалық зерттеулер, Ұлттық электр желісін, телекоммуникациялар желісін жаңғырту жобаларын іске асыру жалғастырылатын болады. Бұдан басқа, Атырау мұнайды қайта өңдеу зауытын қайта жаңарту сияқты, сондай-ақ мұнайды тасымалдаумен байланысты (Атырау-Кенкияқ мұнай құбырын салу, Атырау-Самара мұнай құбырын қайта жаңарту) мұнай-газ секторында бірқатар маңызды жобаларды і с к е а с ы р у д ы б а с т а у ж о с п а р л а н у д а .

Бір мезгілде агроөнеркәсіптік кешенді (жеңіл және тамақ өнеркәсібінің импортты алмастыру жобаларын қоса алғанда), машина жасаудың, құрылыс материалдары өнеркәсібінің, химия және мұнай-химия өнеркәсібінің дамуы үшін жағдайлар ж а с а л а т ы н б о л а д ы .

Инвестициялық саладағы маңызды міндет тұрғын үй құрылысы және қаржы рыногының тетіктері арқылы басқа да тиімді инвестициялық жобаларды іске асыру үшін халықтың жинақтарын белсенді түрде тарту болып табылады.

С ы р т қ ы э к о н о м и к а л ы қ с а я с а т

2001 жылы сыртқы сауда саясатының негізгі мақсаты Қазақстан экономикасының сыртқы рыноктардағы тұрақты бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету және ішкі рынокты о р ы н д ы қ о р ғ а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Сыртқы экономикалық саясаттың басым бағыттары:

отандық тауар өндірушілерді және қызмет көрсетушілерді қолдаудың және қ о р ғ а у д ы ң о р ы н д ы д е ң г е й і ;

экономикалық даму үшін зор маңызы бар халықаралық ресурстарға, ең алдымен, олардың ұлттық өндірісі жоқ немесе шектелген капитал рыноктарына, технологияларға , тауарлар мен қызметтерге тиімді қол жетімділікті пайдалана отырып қосылған құн салығы жоғары тауарлардың бәсекелестік қабілетін жоғарылату;

Халықаралық еңбек бөлінісіндегі Қазақстан экономикасының бәсекелестік артықшылықтарын пайдалана отырып, елдер арасындағы интеграциялау және

кооперациялау процесін кеңейту;
экономиканы қайта бағдарлау мақсатында тауарлар мен қызметтердің импортты алмастыратын өндірістерін дамытуды ынталандыру;
басқа елдермен өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды, сондай-ақ көпжақты келісімдер мен одақтар шеңберінде дамыту;
отандық тауарларды сыртқы рыноктарға, соның ішінде тыйым салынған тауарлар тізімдерін, квоталарды, арнаулы баж салықтарын жою және бірдей сауда режимдерін белгілеу жолымен жылжытуға жәрдемдесу;

Қазақстанның Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіруі жөніндегі жұмысты жалғастыру.

Өнеркәсіп салаларын қайта жаңарту мақсатында орынды қорғау шараларын ұлттық өнеркәсіп саясатымен ұштастыру жоспарлануда. Бұл ретте тарифтердің саралануы жекелеген салаларды уақытша қорғау қажеттілігіне негізделетін және экономиканы өнеркәсіптік қайта құрылымдауға мүмкіндік беретін болады.

Экспорт көлемдерін есепке алудың ашық тетігін жасау және экспорттық келісім-шарт бағаларын негізсіз кемітуді болғызбау жолымен тауарлар экспорты мен валюта түсімінің мониторингін жетілдіру көзделген.

Демпингтік бағалар бойынша тауарлар импортына жол бермеу мақсатында демпинг және өтемдік төлемдер туралы заңдар күшіне енетін болады, оларды стандарттау және сертификаттау мал дәрігерлік, фитосанитарлық, техникалық, экологиялық және өзге де стандарттық талаптарды енгізу негізінде импортталатын тауарлардың сапасын бақылау қ а т а й т ы л а д ы .

Қазақстандық өнімді жеткізудің географиясын кеңейтуді мұнай экспорттау жөнінде баламалы көлік жолдарын құру; астық, түсті және қара металдар мен басқа тауарлар экспорты үшін дүниежүзілік рынокта тауашалар іздестіру арқылы жүргізу белгіленген. Бұл орайда қазақстандық тауарлар үшін Ресей Федерациясының, Орта Азияның, ТМД-ның басқа елдерінің аймақтық рыноктары ерекше маңызға ие болады. Қазақстандық тауарларды жылжыту жолындағы демпингтік кедергілерді алып тастауға , сондай-ақ Қазақстанды сауда әріптестері-елдердің пұрсатты режиміне енгізуге қол ж е т к і з у ж о с п а р л а н ғ а н .

Қазақстанның ТМД елдерімен экономикалық өзара қатынастары ынтымақтастықты реттеу және өндірістік кешендердің арасындағы шаруашылық байланыстарын қалпына келтіру үшін қолайлы жағдайлар жасау бағытында құрылатын болады. Қазақстанның сауда саясаты отандық тауарларды өткізу рыноктарын кеңейтуге, қазақстандық экономиканың бәсекелестік артықшылықтарын жандандыруға бағдарланатын болады.

Баға және монополияға қарсы саясат

2001 жылы баға және монополияға қарсы саясат саласындағы қызметтің негізгі бағыттары бәсекелестік жолындағы кедергілерді құқықтық негізде алу арқылы

бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар мен ынталандырмалар жасау, монополиялық іс-әрекет және бәсекелестік ережелерін бұзғаны үшін пәрменді әкімшілік және экономикалық режимдерді енгізу, табиғи монополиялар субъектілерінің экономикалық қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Баға саясаты көбінесе қызметтерге, өндірушілердің де, сондай-ақ тұтынушылардың да экономикалық мүдделерінің тепе-теңдігін сақтағанда, тауар рыноктарында басымдыққа ие табиғи монополиялар субъектілерінің және шаруашылық жүргізуші субъектілердің жұмыстарына (тауарларына) тарифтерді (бағаларды) қалыптастырған кезде нарықтық тәсілдерге негізделетін болады.

Тарифтер мен бағалардың өзгеруінің шекті мақсатты индикаторлары ретінде монополиялардың қолданыстағы активтерін техникалық жағынан қайта жарақтандыруға, жаңғыртуға және құрылымдық қайта құруға бағытталған, күрделі инвестицияларды ескере отырып, 2000-2001 жылдардағы кезеңге арналған тұтыну бағалары индекстерінің өзгерістері пайдаланылатын болады.

Рыноктарда басымдық жағдайға ие, монополист-кәсіпорындардың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің тарифтері мен бағаларында пайданы есептеудің "шығындық" әдісінен іске қосылған активтерге пайданың ставкасын анықтауға көшу үшін экономикалық және құқықтық алғышарттар жасалатын болады.

Коммуналдық қызметтер саласындағы жағдайды тұрақтандыру мақсатында бағаны реттеуді осы қызметтерді көрсету үшін қажетті барлық өндірістік кезеңдерге тарату, сондай-ақ шығындарды төмендетуге бағытталған инвестициялық бағдарламаларды іске асыру үшін ұзақ мерзімді негізде табиғи монополияның субъектілеріне тарифтердің шекті деңгейлерін ұсыну, көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыру көзделуде. Бұл процеске монополистердің өніміне тіркелген бағаларды белгілеу ережелерін бекіту және олардың ашықтығы тұрғысынан алғанда материалдық және қаржылық ресурстарды сатып алудың ережелерін жетілдіру мүмкіндік туғызатын болады.

Энергетикада, табиғи газды тасымалдауда, су шаруашылығы жүйесінде, байланыс және темір жол көлігінде нарықтық тәсілдерге негізделген, тарифтік реттеудің методологиялық негіздерін жетілдіру, икемді тарифтік реттеудің экономикалық жағынан негізделген әдістерін енгізу, республикалық жүйелердің транзиттік тартымдылығын арттыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Табиғи монополияның субъектілерін монополиясыздандыру және жекешелендіру мәселелеріне үлкен көңіл бөлінетін болады, өйткені осы процестердің серпінділігі, әсіресе темір жол саласы мен байланыста, тарифтер құрылымының өзін айқындайтын болады және бұдан басқа, осы процестерді жүзеге асырған кезде табиғи монополияның экономиканың барлық салаларына мультипликаторлық әсерін ескеру қажет.

Мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру

2001 жылы Қазақстан республикасының Үкіметі мемлекеттік мүлікті басқару және жекешелендіру саласында өзінің алдына мынадай мақсаттарды іске асыруды қояды:

мемлекеттік мүлікті пайдаланудан түсетін салықтық емес түсімдердің есебінен республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістерін ұлғайту;

мемлекеттік экономикалық саясаттың мүдделерін және белгілі бір салалар мен нақты кәсіпорындарды реттеу жөніндегі стратегиялық міндеттерді мемлекеттің шешуін негізге ала отырып, мемлекеттік мүліктің құрылымын (құрамын) оңтайландыру;

осы мүлікті басқаруды жетілдіру процесінде және оның нәтижесінде мемлекеттік меншіктің барынша үлкен санын азаматтық айналымға қатыстыру;

мемлекеттік мүлікті экономикаға инвестициялар тартудың құралы ретінде пайдалану (осы мүлікпен қамтамасыз ету);

мемлекеттік мүлікті шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында пайдаланатын заңды тұлғалардың, сондай-ақ ішкі қайта құрулардың және оларды ішкі басқару мен мемлекеттік мүлікті коммерциялық басқару тиімділігінің есебінен мемлекеттің қатысу үлесі бар заңды тұлғалардың қызметінің қаржы-экономикалық көрсеткіштерін жоғарылату.

Көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін мемлекеттік мүліктің барлық түрлеріне қатысты меншік құқығының субъектісі ретінде бірыңғай уәкілетті орган белгіленетін болады.

Тиімді басқару мақсатында мемлекеттік органдар қызметкерлерінің ішінен кәсіби басқарушыларды (менеджерлерді) аттестациялау және даярлау жүйесі құрылатын болады. Мемлекеттік мүлікті басқаруға тиісті жұмыс тәжірибесі мен беделі бар мемлекеттік емес заңды тұлғалар да тартылатын болады.

Үкімет мемлекеттік мүлікті басқарудың таңдалған тәсіліне экономикалық негіздеме жүргізуге мүмкіндік беретін мемлекеттік мүлікті басқару рәсімдерін егжей-тегжейлі құқықтық реттеуді жүзеге асыратын болады. Бұл ретте, мемлекеттік мүлік мүліктің осы топтарын басқару ерекшелігін анықтайтын белгілер бойынша сыныпталатын, басқару объектілерінің саны оңтайландырылатын және мемлекеттік мүлікті объектілер бойынша басқаруға көшу жүзеге асырылатын болады.

Мемлекеттік мүлікті басқару процестерінің ашықтығына қол жеткізу сондай-ақ мемлекеттің бақылауы үшін жағдайлар туғызу және мемлекеттік меншік жөнінде тиімді шешімдер қабылдау мақсатында мемлекеттік меншіктің барлық элементтері (акциялардың мемлекеттік пакеттері, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жылжымайтын мүлік объектілері) туралы жүйеленген деректер бар мемлекеттік мүлікті есепке алудың Тізілімін құру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Көрсетілген Тізілімді құру және жүргізу кезінде мемлекеттік мүлікті есепке алу, бақылау және талдау көрсеткіштерінің бірыңғай жүйесін әзірлеуді, деректерді жаңартудың ережелері

мен рәсімдерін, әр түрлі санаттардың ақпаратына оны тұтынушылардың қол жетімділігіне шек қою жүйесін әзірлеуді, күмәнді ақпарат бергені үшін жауапкершілік шараларын іске асыруды қарастыру қажет.

Мемлекеттік мүлікті түгендеу және сыныптау, оның өтімділігін арттыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру көрсетілген мүлікті инвестициялық ресурстарды тартқан кезде қамтамасыз ету ретінде тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Үкімет меншікті тиімді емес меншік иелерінен тиімді меншік иелеріне қайта бөлу тәсілдерінің бірі - банкроттық рәсімін жетілдіреді. Банкроттық рәсімдері банкроттың өтімді мүлкі негізінде мүмкін, мемлекеттің қатысу үлесімен, тиімді жұмыс істейтін кәсіпорындар құруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің несиегер ретінде банкроттық рәсімдеріне қатысуы кәсіпорындарды қайта құрылымдауды жүзеге асыруға, тиімді меншік иелерін тартуға, кәсіпорындардың тиімділігін арттырудың ұзақ мерзімді мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған.

Бағалы қағаздар рыногын дамыту

2001 жылы бағалы қағаздардың қазақстандық рыногын дамытудың негізгі бағыттары:

1) бағалы қағаздардың қазақстандық рыногында: мемлекеттің тұрақты ақша ағыны бар шаруашылық жүргізуші субъектілердің - бағалы қағаздардың әлеуетті эмитенттерінің санын көбейтуді ынталандыруы; ұлттық компаниялардың мемлекеттік емес облигациялардың әлеуетті эмитенттері ретіндегі қызметін басқарудың тиімділігін арттыру; қажетінде акционерлеу рәсімдерін қолдана отырып қаржы рыногының тетіктері арқылы шаруашылық жүргізуші субъектілердің жарғылық капиталдарына қатысудың мемлекеттік үлестерін жекешелендіру процесін жалғастыру жолымен инвестициялау мүмкіндіктерін кеңейту.

2) қазақстандық акциялардың және мемлекеттік емес облигациялардың инвестициялық сапасы мен инвестициялық тартымдылығының деңгейін жоғарылату.

Осы бағыттың шеңберінде мыналар көзделеді: акционерлік қоғамдардың қызметін реттеу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру жұмысын жалғастыру.

қазақстандық қор рыногының жұмысы және мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметі туралы ақпараттың ашықтық дәрежесін жоғарылату;

қазақстандық бухгалтерлік есептің халықаралық стандарттарға толық сәйкестігін қамтамасыз ету;

олардың алдыңғы қатарлы халықаралық практикамен салыстырымдылығы мақсатында акциялар эмиссияларын және мемлекеттік емес облигацияларды мемлекеттік тіркеу рәсімдерін жетілдіру;

эмитенттерді мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығаруға, ал инвесторларды - оларды сатып алуға ынталандыратын салық режимін қалыптастыру.

3) инвестициялаудың ұжымдық нысандары арқылы нақты экономикаға халықтың жинақтарын тарту тетіктерін құру;

Мемлекеттің негізгі күш-жігері ұсақ кәсіби емес инвесторлардың жинақтарын ерікті түрде тартудың және осы қаражатты қаржы рыногының құралдарына инвестициялаудың негізгі нысаны ретінде инвестициялық қорларды дамытуға бағытталатын болады.

4) қаржылық ресурстарды қор рыногы арқылы тарту мәселелерінде мемлекеттік емес бағалы қағаздар эмитенттері - қазақстандық ұйымдар менеджерлерінің біліктілік деңгейін, сондай-ақ бағалы қағаздарға инвестициялау мәселелерінде халықтың экономикалық сауаттылық деңгейін жоғарылату.

Аталған міндеттер қажетті ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру жолымен де, сондай-ақ мемлекеттің акционерлік қоғамдардың менеджерлерімен және тұрғындармен ұдайы және белсенді ақпараттық-түсінік жұмысын жүргізуі арқылы да шешілетін болады.

5) бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының қызметін бақылаудың екі деңгейлі жүйесін дамыту;

6) бағалы қағаздар рыногының институциональдық және техникалық инфрақұрылымын жетілдіру.

Бағалы қағаздар рыногы институциональдық инфрақұрылымының субъектілері жөнінде басымдықты міндет елдің әр түрлі аймақтарында тұратын Қазақстан азаматтары үшін олардың қызметтеріне толық бағалы қол жетімділікті қамтамасыз ету талап етіледі.

Бағалы қағаздар куәландыратын құқықтарды қорғау мақсатында "Қазақстандық қор биржасы" ЖАҚ-да листинг өткен, бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдерін жүргізуді жүзеге асыратын, мемлекеттің қатысуымен ірі көп филиалды ұйым құру жөнінде шаралар қолданылатын болады.

Өнеркәсіпті дамыту

2001 жылы өнеркәсіпті дамытудың басты мақсаты ішкі және сыртқы рыноктардың қажеттілігін қанағаттандыру үшін бәсекеге қабілетті өнім өндірудің тұрақты өсуін қамтамасыз ету болып табылады.

Тұтасымен алғанда өнеркәсіп бойынша жылдық орташа өсу қарқыны шамамен 8% құрайды.

Өңдеуші салаларда өсу қарқыны шамамен 4% құрайды.

Электр энергиясын, газ бен суды өндіруде және бөлуде өсудің шамамен 7% орташа

ж ы л д ы қ

қ а р қ ы н ы

к ү т і л у д е .

Өндірісті жаңғырту және кеңейту жаңа өндірістер құру жөнінде белгіленген іс-шараларды одан әрі іске асыру өнеркәсіп секторында жұмыспен қамтуды 10-15 мың адамға арттыруға мүмкіндік береді.

Екібастұз көмір бассейнінде "Богатырь" және "Северный" екі кенішін бір инвестордың - "Аксесс Индастриз, Инк" американдық компаниясының қамқорлығымен біріктіру және "Еуроазиялық энергетикалық корпорация" ААҚ-ның "Восточный" кенішінің орнықты жұмысы Екібастұз кен орнын неғұрлым тиімді зерттеу, Ресей Федерациясына көмір өткізу рыногын жылына 22-23 млн. тонна деңгейінде сақтау үшін алғышарт жасайды. Корпорацияның құрамына кіретін электр стансаларына көмір жеткізетін Қазақмыс - "Бөрлі" Көмір департаменті" корпорациясының филиалы жылына көмір өндіру көлемін 6 млн. тоннаға дейін жеткізе отырып жұмыс істейтін болады.

Көмір саласының жұмысын тұрақтандырудың басты факторларының бірі қазақстандық көмірдің сыртқы рыноктағы бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату және қазақстандық тұтынушылар үшін оның қол жетімділігін қамтамасыз ету болып табылады. 2001 жылы оны 70 млн. тоннаға дейін жеткізе отырып, көмір және лигнит өндірудің көлемін 2000 жылғымен салыстырғанда 8%-ға ұлғайту көзделуде.

Мұнай және газ өндіру өнеркәсібі өнеркәсіптің ең ірі және серпінді дамып отырған саласы ретінде өзінің маңызын сақтайды. 2001 жылы мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2000 жылғымен салыстырғанда 11%-ға өседі және 37,2 млн. тоннаны құрайды. Мұнай және газ өндірудің өсуі Теңіз және Қарашығанақ кен орындарын пайдалануды интенсификациялау, Өзен мұнай кен орнын қалпына келтіру, сондай-ақ Ақтөбе облысында (Ұрықтау, Қожасай, Әлібекмола) бірқатар кен орындарын, Солтүстік Бұзашы кен орындарын іске қосу, Жамбыл облысындағы Аманкелді газ кен орындарын игеру есебінен қамтамасыз ететін болады.

Мұнай-газ саласын дамытудың таяудағы бес жылдағы проблемаларын шешудің негізгі элементі Каспий Труба құбыры Консорциумын (КТК) салу және пайдалану болып табылады. Мұнай құбырын пайдалануға беру 2001 жылға белгіленген. Бірінші кезегінің қуаты 28 млн. тонна, оның 20 млн. тоннасын қазақстандық мұнай құрайды.

Ішкі рыноктың химиялық өнімдерге қажеттілігін қамтамасыз ету отандық және шетелдік инвесторларды тарту арқылы жұмыс істеп тұрған мұнай-химия және химия кәсіпорындарының жұмысын қалпына келтіру және тұрақтандыру есебінен жүретін болады.

2001 жылы полистирол, полипропилен, резинотехникалық бұйымдар, синтетикалық жуу құралдары өндірісін іске қосу, ішкі рынокты импортты алмастырушы химия өнімдерімен толықтыру, саланың экспорттық әлеуетін кеңейту жоспарлануда.

2001 жылы сары фосфор өндіру 35 мың тонна көлемінде жобалануда. Ішкі тұтыну және экспорт үшін тыңайтқыштар өндірудің - 2000 жылғы 48 мың тоннадан 2001 жылы

96 мың тоннаға дейін айтарлықтай өсуі көзделеді.

Соңғы жылдары кен-металлургия кешеніндегі өнім көлемінің үлес салмағы барлық өнеркәсіп өндірісінің 23-25%-ын, соның ішінде түсті металлургияның үлесі 10-13% құрайды. 2001 жылғы мыс өндірудің көлемі 1999 жылғы деңгейге алғанда 11,3%-ға артады және 402 мың тоннаға жетеді. Кейінгі жылдарда да осы деңгейді ұстап тұру ж о с п а р л а н у д а .

Хром қорытпаларын шығаруға қайта бағдарлау, марганец қорытпаларын өндіруді ұйымдастыру ферроқорытпа өндірісін дамытудың басым бағыты болмақшы, ол қорыту агрегаттарын өнімнің жаңа түрлерін шығаруға қайта пішіндеу жөнінде елеулі қайта жаңарту іс-шараларын талап етеді. Ферроқорытпалары өндіру 2001 жылы 1999 жылғымен салыстырғанда 10%-ға өседі. Қара металдардың прокатын өндіру үшін жақсы перспективалар ашылады, осыған байланысты 2001 жылы шойын өндірудің көлемін 3,9 млн. тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда, бұл 1999 жылғыға алғанда 115% қ ұ р а й д ы .

Машина жасау мен металл өңдеуді дамыту ауыл шаруашылығының жабдықтарға және техника жөндеуге қажеттілігін қамтамасыз етуге; қазақстандық армия үшін және экспортқа шығарылатын қару-жарақ өндірісіне; отандық өнеркәсіп үшін машиналар мен жабдықтар шығаруға бағдарланатын болады.

Саланы дамыту басымдықтарының бірі Павлодар трактор зауытында тракторлар шығаруды жаңғырту, қолдағы бос қуаттардың негізінде доңғалақты тракторлар, жаткалар және ауыл шаруашылығы техникасының басқа түрлерін шығару жөніндегі бірлескен кәсіпорындар құру болып табылады.

Импортты алмастыру бағдарламасында саланы дамытудың басымдықтары ретінде ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудан басқа, сондай-ақ темір жол көлігі, мұнай-газ және кен-металлургия кешендері үшін техника мен жабдықтар шығару б е л г і л е н г е н .

Одан әрі тұрақты даму жағдайында машина жасаудағы өндіріс көлемдері құнға шаққанда 2001 жылы 1999 жылғы деңгейге алғанда 26%-ға, ал 2000 жылға алғанда 3%-ғ а ө с е д і .

Тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту Импортты алмастырудың 2000-2003 жылдарға арналған бағдарламасында белгіленген, мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру есебінен жүргізілетін болады.

Иірілген жіп және маталар шығару жөніндегі "АХБК-ОЗАТ" АҚ (Алматы қаласы), "Адал" ЖШС (Шымкент қаласы), "Восток-текстиль" ДШС (Өскемен қаласы), "Қарғалы" АҚ (Алматы облысы) және "Қостанай тоқыма компаниясы" ЖШС (Қостанай қаласы) базалық кәсіпорындарын қалпына келтіру және дамыту есебінен 2001 жылы өндіріс көлемінің өсуі 18,7 млрд. теңгеге дейін күтілуде.

Былғары және аяқ киім өнеркәсібін қалпына келтіруді және дамытуды шикізат базасының іс жүзінде жойылуы, сондай-ақ аяқ киім рыногындағы жоғары бәсекелестік

тежеп келді. Былғары шикізатына экспорттық баждарды енгізу Жамбыл облысында, Павлодарда және Петропавлда былғары зауыттарын қалпына келтіру үшін стратегиялық инвесторларды тартуға мүмкіндік туғызатын болады. 2001 жылы былғары тауарлары өндірісінің көлемін 2,2 млн. шаршы дециметрге дейін ұлғайту және аяқ киім шығаруды 400 мың жұпқа жеткізу болжануда.

Тамақ өнеркәсібін дамытудың негізгі бағыттары болып мыналар белгіленді: ұн және одан жасалатын тағамдар, құс еті, өсімдік майы, кондитер өнімдері, қант, шарап және арақ-ликер өнімдері, майонез және тұздықтар, сүт өнімі өндірісі, шай мен темекіні өлшеп орау. Үстіміздегі жылы ет және ет өнімдерін өндіру 1999 жылға алғанда 102% құрайды, импорттың көлемі 32%-ға, сүт өнімдері бойынша тиісінше 80,8 және 40%-ға қысқарды. Түр-түрімен алғандағы сүт өнімі, өсімдік майы, алкогольсыз сусындар, қант өндірісі көлемінің өсу, қолда бар қуаттарды ішкі тұтыну мен пайдаланудың ұлғаю үрдісі байқалады.

2001 жылы сары май өндіру 1999 жылғымен салыстырғанда 7%-ға, ұн - 5%-ға, кондитер өнімдері - 4%-ға, өсімдік майы - 11%-ға, темекі өнімдері - 10,5%-ға артады, алкогольсыз сусындар өндіру өз деңгейінде сақталады.

Құрылыс саласын көтерудегі басымдықтардың бірі құрылыс материалдары өндірісін дамыту болып табылады. Құрылыс объектілері мен кешендерін салу, әдетте, жаңа технологияларды игерумен, қазіргі заманғы конструкцияларды, жергілікті құрылыс материалдары мен бұйымдарын қолданумен қабаттаса жүреді. Осының барлығы Қазақстанның құрылыс индустриясын, құрылыс конструкцияларының, бұйымдары мен материалдарының отандық өндірушілерін көтеру, жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін ынталандырулар тудырады.

Отандық тауар өндірушілерді қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған шаралардың нәтижесінде құрылыс материалдары мен бұйымдарын өндірудің өсуі мен олардың ішкі және сыртқы рыноктардағы бәсекелестік қабілетінің артуы көзделеді. 2001 жылы цемент өндіру 12%-ға, мәрмәр және әк тас - 7%-ға, тұсқағаздар мен бояулар шығару орташа алғанда 10-12%-ға өсуі күтілуде.

2000 жылдан бастап су қоймалары Нарын-Сырдария каскадының су-энергетикалық ресурстарын кешенді пайдалану туралы Үкіметаралық келісім бойынша вегетациялық мерзімде алынатын, Қырғызстаннан электр энергиясын жеткізу көлемдерін қоспағанда, Орта Азия республикаларынан электр энергиясының импортын толық алмастыру көзделді.

Батыс Қазақстан облысын электрмен жабдықтау проблемасын шешу жөніндегі шұғыл шара 2001-2002 жылдары қуаты 56 Мвт газ турбиналық электр стансасын салу болып табылады. Облыстың электрді тұтынуын толық жабу Қарашығанақ газ конденсаты кен орнында қуаттылығы 100 Мвт газ турбиналық электр стансасын іске қосқанда қамтамасыз етілетін болады.

2001 жылы ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты еліміздің халқын жоғары сапалы тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету, астық бойынша экспорттық әлеуетті дамыту, сондай-ақ өндеуші өнеркәсіпті бәсекеге қабілетті өнім өндіруге мүмкіндік беретін шикізатпен қамтамасыз ету болып табылады. Мақсаттарға қол жеткізу үшін бірінші кезекте мынадай

проблемаларды шешу қажет:

ауылдағы қаржы-несие саясатын жетілдіру;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қаржы көздеріне кеңінен қол жеткізуі үшін жағдайлар жасау;

отандық және шетелдік инвесторларға ауыл шаруашылығы өндірісін инвестициялауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қаржы институттарын дамыту;

бәсекеге қабілетті салалар өндірісін ынталандыру;

шағын және орта бизнесті дамыту;

лизингтік қатынастарды дамыту.

2001 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 2000 жылғымен салыстырғанда 100,6%-ға артады.

2001 жылы дәнді дақылдар өндіру 11,5 млн. тонна, соның ішінде бидай - 9,3 млн. тонна шегінде болжануда. Бұл халықты толығымен астық өнімдерімен қамтамасыз етуге, тұқым құйып алуға және мал азығына үлес бөлуге мүмкіндік береді. Бұл ретте Қазақстанның экспорттық мүмкіндіктерін 5 млн. тонна мөлшерінде қарастыруға болады. 305 млн. тонна қант қызылшасын және 200 мың тонна шикі мақта өндіру күтілуде. Картоп және көкөністер өндірудің көлемдері: картоп - 1,6 млн. тонна, көкөністер - 1,3 млн. тонна деңгейінде тұрақтандырылады, бұл негізінен республика халқының осы өнімге сұранысын қанағаттандырады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын өндірудің тиімділігі мен тұрақтылығын көтеру үшін оның негізінде топырақтың құнарлылығын, жердің экологиялық және экономикалық жағдайын ескере отырып егістік жерді ландшафтар бойынша толық пайдалану көзделген егіншіліктің агроландшафтық жүйесіне көшу жүзеге асырылатын болады.

Республиканың экономикалық мүддесін негізге ала отырып дәнді дақылдарды өндірудің құрылымын және әрбір дақылдың биологиялық талаптарын ескере отырып, оларды өсірудің қолайлы аймақтары белгіленетін болады.

Дәнді дақылдар өсіру аймақтары негізінен топырақ-климат ерекшеліктеріне

байланысты айқындалады. Күздік дақылдар негізінен жаздық дақылдармен салыстырғанда ең жақсы өнімділік қамтамасыз етілетін оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарда шоғырланатын болады.

Жаздық бидайдың бағалы сорттарының негізгі алқаптары ең қолайлы аймақ - Солтүстік Қазақстанда, сондай-ақ шығыс, орталық және батыс облыстарда орналасады. Мұнда экспортқа шығарылатын ең сапалы астық өндірілетін болады.

Астықтық жүгеріні және күрішті оңтүстік облыстарда суармалы жерлерде өсіреді. Тары негізінен батыс облыстарда, сондай-ақ Павлодар облысында орналасады. Қарақұмықты іс жүзінде барлық аймақтарда өсіру көзделуде, бірақ негізгі егіс алқаптары Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында шоғырланатын болады.

Жоғары сапалы азық-түлікті бидай дәнін өндіру Қазақстанның ауыл шаруашылығы өндірісінің басты саласы болуы тиіс.

Республиканың климаттық жағдайларының әркелкілігін және майлы дақылдардың биологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып, оларды өсіруге одан әрі мамандандыру жүргізілетін болады. Сондай-ақ, өсірудің агротехникасын және тұқым шаруашылығын жетілдіру есебінен майлы дақылдар тұқымын өндіруді ұлғайту көзделеді.

Алматы, Жамбыл облыстарының шаруашылықтары қант қызылшасын ал Оңтүстік Қазақстан - мақта өсіруге мамандандырылуда.

Қазақстанның егістік жер көлемі 2001 жылы еңбек ресурстарын, материалдық-техникалық базаны ескере отырып 15,6 млн. гектар танапта орналасатын болады, соның ішінде дәнді дақылдар 11,7 млн.га. Ең бағалы дәнді дақыл - бидай 9,1 млн. га алқапты қамтиды, астықтық жүгеріні 70 мың гектар. күрішті 73 мың га жерге орналастыру көзделуде.

350 мың гектар танапқа майлы дақылдар, соның ішінде 240 мың га жерге күнбағыс егу көзделуде. Қант қызылшасы 20 мың гектар алқапқа орналасады және мақта егістігі 132 мың га құрайды. Картоп өсірілетін жерлер шаруашылықтардың барлық санаттарында 159 мың гектарға және көкөніс өсірілетін алқап 106,9 мың гектарға жетеді.

Астық шаруашылығының тұрақтылығын арттыру негізінен өндіріс мәдениетін жоғарылату соның ішінде технологиялық тәртіпті сақтау, шаруашылық жүргізудің экономикалық әдістерін енгізу, тыңайтқыштарды және өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын ұтымды пайдалану есебінен жүргізілетін болады.

Селекцияны және тұқым шаруашылығын, ең алдымен жапырылуға берікті, шапшаң пісушілікті, жоғары өнімділікті және жақсы технологиялық сапаларды ұштастыратын, вегетациялық мерзімдері әртүрлі сорттарды енгізу негізінде одан әрі дамытуға маңызды орын береді.

Республикада дәнді дақылдардың тұқым шаруашылығы әрбір облыста қабылданған егіншіліктің аймақтық жүйелеріне сәйкес жүргізілетін болады.

Мал шаруашылығының жем-шөбі базасын нығайту үшін шаруашылықтардың

барлық санаттарында қатаң және құнарлы жемазықтың қажетті мөлшерін өндіру көзделген. Жемазықтық дақылдарды 3 млн. гектар шамасындағы алқапта өндіру қ а р а с т ы р ы л ғ а н .

2001 жылы ет өндіруді сойыс салмағымен 641 мың. тоннаға дейін жеткізу, бұл 2000 жылғы деңгейден 0,9%-ға жоғары, сүт 3720 мың тоннаға дейін немесе 2%-ға, жұмыртқа - 1595 млн. дейін немесе 3%-ға, жүн - 22.6 мың тонна немесе 1%-ға жеткізу ж о с п а р л а н у д а .

Республика шаруашылықтарының барлық санаттарында мүйізді ірі қараның саны 2001 жылдың аяғында 4120 мың басқа жеткізілетін болады, бұл 2000 жылғы деңгейден 2%-ға, қой және ешкі 9950 мың басқа дейін немесе 2,1%-ға, шошқа 1050 мың басқа дейін немесе 2,9%-ға, жылқы 980 мың басқа дейін немесе 1%-ға, құс 19500 мың басқа дейін немесе 3,2 %-ға жоғары.

Ғылым және технологияларды дамыту

2001 жылы ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы саясат республиканың ғылыми-техникалық әлеуетін нығайтуға, отандық ғылымды елдің орнықты әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының аса маңызды факторына айналдыруға, тұрмыс сапасын жоғарылатуға бағытталған зерттеулерді дамытуға, жоғары технологиялар өнімінің экспортына бағдарланған, ғылымды көп қажет ететін, ресурс сақтаушы және экологиялық таза өндірістерді жетілдіруге, экономиканың шикізаттық бағыттылығын технологиялық бағыттылыққа кезең-кезеңмен ауыстыруға, жоғары білікті мамандар даярлауға бағытталуы тиіс.

Б ұ л ү ш і н :

ғылымды және ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастыру жүйесін нормативтік құқықтық және әдістемелік базаны, соның ішінде ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру, оларды конкурстық іріктеу және нәтижелерін іс жүзінде игеру, интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғау және басқа салаларда одан әрі жетілдіруді;

қолданбалы зерттеулердің экономиканың базалық салаларының қажеттіліктерін ғылыми-технологиялық қамтамасыз етуге бірінші кезекті бағыттылығын;

ғылымды көп қажет ететін өнім шығару жөніндегі жаңа импортты алмастыратын (экспортқа бағдарланған) технологиялар әзірлеуді;

қызмет профилін сақтай отырып ғылыми-техникалық саланың жекелеген объектілерін қайта құрылымдауды және жекешелендіруді;

мемлекеттік ғылыми ұйымдар желісін оңтайландыруды;

ғылымды көп қажет ететін өндірістерді ұйымдастыру және дамыту үшін инвестициялар тартуды, ресурс сақтаушы және экологиялық таза технологиялар е н г і з у д і ;

шағын және орта кәсіпкерлікті тұрақты дамытуды, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында нарықтық инфрақұрылым элементтерін қалыптастыруды және дамытуды;

зерттеу институттарын, салалық ғылыми-техникалық орталықтарды және жоғары оқу орындарын, оқыту мен ғылыми қызмет процесін біріктірудің тиімді тетігін жасау;

ғылыми-техникалық прогрестің басым бағыттары бойынша кадрлар, соның ішінде жоғары білікті кадрларын даярлауды, елдің интеллектуалдық әлеуетін сақтауды және дамытуды;

елдің ғылыми күштерін алдыңғы қатарлы шетелдік технологиялар мен талдамаларды таңдауға, отандық жағдайларға бейімдеуге және өнеркәсіптік игеруге тартуды;

қазақстандық ғылымның дүниежүзілік ғылыми-техникалық кеңістікке кірігуі процесін жеделдетуді қамтамасыз ету қажет.

Тұрғын үй құрылысы

2001 жылы ипотекалық несиелендіру жүйесін және құрылыс жинақтарының жүйесін дамыту арқылы жүзеге асырылатын болады.

Құрылыс кешенінің табысты жұмыс істеуі үшін елеулі шарттардың бірі жаңа мемлекеттік қала құрылысы саясатын қалыптастырудың және жүргізудің қажеттігі, осы саладағы заңдық және нормативтік құқықтық базаны жаңарту және кеңейту болып табылады. Қазақстан Республикасының өндіруші күштерін дамытудың және орналастырудың Сызба нұсқасы әзірленуі тиіс.

Құрылыс үшін ұлттық нормативтік базаны реформалау және құру, атап айтқанда, құрылыста баға белгілеу оны халықаралық нормалармен және стандарттармен үйлестіру жөніндегі жұмысты жалғастыру көзделеді.

Оны қаржыландырудың басты көзі бюджеттен тыс қаражат (құрылыс жинақтары, ипотекалық несиелендіру, ішкі заемдар жүйесін дамыту) болатын тұрғын үй құрылысының, тұрғын үй қорын қайта жаңартудың және сақтаудың жаңа тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Тұрғын үй құрылысына және тұрғын үй қорын қайта жаңартуға жұмсалатын күрделі қаржы өзінің соңынан көптеген ілеспе салалардың дамуына әкеледі. Ұсынылып отырған шаралар жүйесін іске асыру елдің бүкіл экономикасын дамытудың маңызды факторларының бірі болады.

Аталған бағдарламалар мен іс-шараларды мемлекеттік деңгейді кезең-кезеңімен іске асыру қол жеткен позицияны елеулі түрде нығайтуға және елдің құрылыс саласындағы жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Шағын кәсіпкерлікті дамыту

2001 жылы шағын кәсіпкерлікті дамыту бөлігінде тиімді институциональдық қайта құрулардың, инфрақұрылымды жетілдірудің және дамытудың, қаржылық, ақпараттық, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етудің және кәсіпкерлік кадрларын даярлаудың негізінде Қазақстан Республикасы экономикасының өндірістік, ғылыми-техникалық салаларында шағын кәсіпкерліктің одан әрі қарышты дамуы үшін жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Кәсіпкерлікті қаржылық қолдау саясаты сыйақының (мүдденің) жеңілдікті ставкаларын қолдану арқылы экономиканың басым секторларында ұзақ мерзімді және орташа мерзімді несиелендірудің үлесін арттыруға аймақтық деңгейлерде кепілдікті қорлар мен несиелік серіктестіктер құруға негізделетін болады.

Жаңа шағын кәсіпорындар құруды қолдау саясаты жүзеге асырылатын болады. Бизнес-инкубаторлар мен технопарктер кәсіпкерлікті қолдаудың пайдалы және тиімді құралы болады.

Қазақстанда шағын кәсіпкерлікті ауқымды қолдау үшінші шағын кәсіпорындарға отандық және шетелдік кәсіпорындардың жабдықтарын, қаржылық қаражатын, технологияларын, сондай-ақ өндірістік тәжірибелерін тартуға мүмкіндік беретін лизингтік және франчайзингтік қатынастарды дамыту есебінен шағын кәсіпкерлікті қолдаудың шетелдік тәжірибесі енгізілетін болады.

Мемлекеттік органдар өкілдерінің шағын кәсіпкерліктің субъектілеріне қатысты заңсыз іс-әрекеттерін болдырмауға, шағын бизнесті дамыту үшін қолайлы құқықтық режим орнатуға бағытталған саясат жалғасатын болады.

Көрсетілген бағыттарда кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі саясат жүргізу шағын кәсіпкерлікті тұрақты дамытуды қамтамасыз етеді, шағын бизнестің экономиканың нақты секторындағы үлесін ұлғайтуға, жаңа жұмыс орындары санының одан әрі өсуіне, қоғамның орташа табының негізі ретіндегі меншік иелерінің қалың тобын қалыптастыруға мүмкіндік беретін болады.

Жоғарыда көрсетілген шараларды іске асыру 2001 жылдың аяғында шағын кәсіпкерлік субъектілерінің санын 12%-ға және олардың өндірген өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемін 15%-ға арттыруға мүмкіндік береді.

А й м а қ т ы қ с а я с а т

2001 жылы аймақтық саясат тіршілік әрекеті мен шаруашылық жүргізудің аймақтық факторларын елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін тиімді пайдалануға, тұтасымен алғанда мемлекеттің және оның жекелеген аймақтарының мүдделерін ұтымды ұштастыруды, экономикалық жағынан қолайсыз аудандарды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Аймақтық саясат аймақтарда жаңа өндіріс орындарын құруға, бұрыннан барларын дамытуға және ең алдымен, халықтың тіршілігін қамтамасыз ету мен тіршілік әрекеті жүйелерін дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға және халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға бағдарланатын болады.

2001 жылы 15 жылдық кезеңге арналған өндіргіш күштерді дамытудың және орналастырудың Сызба нұсқасын әзірлеу жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Орталық пен аймақтардың өзара іс-қимылының нысандары мен әдістерін одан әрі жетілдіру оңтайлы бюджетаралық қатынастарды қалыптастыру мәселелері аймақтық саясаттың негізгі бағыттарының бірі болып қала береді.

Осы саясатты іске асыру жергілікті бюджеттер тұрақтылығының, олардың икемділігі мен өзгеріп отыратын экономикалық ынталандырмаларға өздігінен икемделетін қабілетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін жәрдем қаржылар мен бюджеттік алулардың жүйесі арқылы жүргізілетін болады.

Аймақтық бағдарламаларды жүзеге асыруда, әлеуметтік саланы дамытуда, кедейлікпен және жұмыссыздықпен күресте, шағын және орташа кәсіпкерлікті дамытуда, табиғи ресурстарды теңгерімді пайдалануда және қоршаған ортаны сауықтыруда, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құруда жергілікті атқарушы органдардың ролі артады.

Әлеуметтік көмектің мөлшерлері мен түрлерін анықтау бөлігінде әкімдердің уәкілеттігін кеңейту көзделеді.

Аймақтық мамандандыру күшейтілген және инвестициялар тартуды, өндірістерді жаңғыртуды және жаңа құрылыс салуды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау үшін әкімдердің жауапкершілігі артатын болады.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әлеуметтік-экономикалық жағдайын бағалаудың рейтингтік жүйесі негізінде аймақтардағы реформалар барысының мониторингі бойынша жұмыс жалғастырылады.

Кедейлікпен күрес және әлеуметтік саясат

2001 жылы мемлекеттік әлеуметтік қорғаудың алда тұрған кезеңдегі негізгі бағыты кедейлікпен күрес болады. Кедейлікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі бағдарламаның іс-шаралары іске асырылатын болады.

Халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын мемлекеттік қолдау жөнінде мынадай шаралар көзделді:

зейнеткерлер - тұтыну бағаларының индексіне байланысты ең төменгі зейнетақының мөлшерін жыл сайын көтеру, жәрдемақыларды уақытында төлеу; жетім балалар, қолайсыз отбасыларынан шыққан балалар - білім алу үшін жағдайлармен қамтамасыз ету;

еңбекке жарамайтын халық - жұмыс орындарын квоталау жолымен мүгедектерді

жұмысқа орналастыру жөніндегі шараларды іске асыру, жәрдемақыларды уақытында т ө л е у ;

кедейлік шегінен төмен тұратын жұмыссыздар - атаулы әлеуметтік көмек.

Жалақы мен зейнетақының ең төменгі деңгейін есептегенде әлеуметтік нормативтердің ролі артатын, сондай-ақ отбасының құрамына, орта есеппен жан басына шаққандағы табысқа және кедейлік шегіне байланысты аз қамтамасыз етілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерін анықтау жөніндегі әдістемелік база ж е т і л д і р і л е т і н б о л а д ы .

Сонымен бір мезгілде әлеуметтік көмектің атаулылығын күшейту мақсатында халыққа әлеуметтік көмек көрсетудің тетігін оңтайландыру және алушының отбасының ақшалай табысына байланысты арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшерлері бойынша осы көмекті алуға олардың нақты контингентін қалыптастыру жөнінде шаралар қ о л д а н ы л а т ы н б о л а д ы .

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген жәрдемақыларды алушылардың сегіз санаты бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар беру бөлігінде республикалық бюджеттік бағдарламаларға әкімшілік етуді жергілікті деңгейге беруді жүзеге асыру б е л г і л е н г е н .

Зейнетақы реформасының дамуы барлық жұмыс істейтін азаматтарды барынша қамту, міндетті зейнетақы жарналарын және салық салынатын зейнетақы төлемдерін төлеудің тетігін жетілдіру, зейнетақы төлемдерін алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін зейнетақы жүйесіне барлық қатысушылардың қызметін реттеу, зейнетақы активтерін орналастырудың және оның сақталуының мониторингін жүзеге асыру мақсатында нормативтік құқықтық базаны жетілдірумен қ а б а т т а с а жүретін б о л а д ы .

Тұрғындарды толық қамту мақсатында қолданылып жүрген әлеуметтік жеке кодтардың негізінде Қазақстан Республикасының барлық азаматтарын сәйкестендіру жөніндегі ж ұ м ы с б а с т а л а т ы н б о л а д ы .

Әлеуметтік сақтандырудың әралуан түрлерінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру жөніндегі жұмыс басталады, ол өзіне әлеуметтік қамсыздандыруды, сақтандыруды және атаулы әлеуметтік көмекті ұштастыратын, әлеуметтік қорғаудың үйлесімді жүйесін дамытудың шарты болып табылады.

Еңбек және еңбек қатынастары

2001 жылы конституциялық кепілдіктерді және Халықаралық еңбек ұйымының Конвенцияларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі оның экономикадағы және еңбек рыногындағы нақты ахуалға сәйкестігін, жұмыс беруші мен жалдамалы қызметкердің құқықтары мен жауапкершілігінің тепе-теңдігін сақтауды қамтамасыз ету мақсатында еңбек заңнамасын жетілдіру жөнінде шаралар қолданатын

б о л а д ы .

Әлеуметтік әріптестік тетігін жетілдіру жолымен шарттық реттеу принциптерін күшейту, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жұмыс берушілер мен кәсіподақтардың республикалық және аймақтық бірлестіктерінің арасындағы Бас келісімнің ролін арттыру көзделуде.

Еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды қатайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік еңбек инспекциясының сатыларын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің, қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалықтарын әзірлеу бөлігінде еңбек жөніндегі нормативтік базаны жетілдіру, кәсіптерді сыныптауды жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Халық және еңбек рыногы

2001 жылы демографиялық саясат демографиялық процестердегі жағымсыз үрдістерді жоюға, өсудің кемуін болғызбауға, елдің дамуының ұзақ мерзімді стратегиясына сәйкес халықтың сандық және сапалық өсуін қамтамасыз етуге бағытталаын болады.

Халық санының азаю қарқынын төмендету жөнінде шаралар қабылдау және оны тұрақтандыруға қол жеткізу қажет. Бұл бала туушылықтың құлдырауының кемуі және оның тұрақтануы; өлімнің азаюы және адам өмірінің орташа ұзақтығының өсуі; эмиграцияның қысқаруы және репатрианттардың (оралмандардың) қайтып оралуы үшін қолайлы жағдайлар туғызылуы есебінен шешілетін болады.

Халықтың дамуын реттеуде мемлекеттік демографиялық саясаттың негізгі бағыттары әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі заманғы ахуалы мен алғышарттарының қатаң есебіне негізделген, ең өзекті бағыттар бойынша бағдарламалық-мақсаттық іс-шараларды әзірлеу және іске асыру болады.

Өнеркәсіпте жұмыс орындарын құру мен жұмыспен қамтуды ұлғайтудың басымдықты бағыттары өңдеуші өнеркәсіптің салалары - жеңіл, тамақ өнеркәсіптері, машина жасау, минералдық тыңайтқыштары өндіру, сондай-ақ ауыл шаруашылығының дамуымен тікелей байланысты салалар болмақшы. Жұмыс орындарын қалпына келтіру және жаңа өндірістер құру Импортты алмастыру бағдарламасын іске асыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Еңбек рыногын дамытудың негізгі міндеттері:

жұмыс істеп тұрғандарын сақтау және жаңа жұмыс орындарын құру;
еңбек рыногын реттеу жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру;
шетелдік жұмыс күшін пайдалануды реттеу жолымен ішкі еңбек рыногын қорғау;
жұмысқа орналасуға квоталар белгілеу жолымен халықтың әлеуметтік әлсіз

с а н а т т а р ы н

қ о р ғ а у ;

жұмыспен қамтуға жәрдемдесу құралдарын, соның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің ақпараттық базасын, жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің арнаулы бағдарламаларын іске асыру жөніндегі нормативтік құқықтық және әдістемелік базаны ж е т і л д і р у ;

жұмыс күшінің сапасын және бәсекелестік қабілетін арттыру;
халықтың өзін өзі жұмыспен қамтуын ынталандыру, кәсіпкерлікті қолдау;
жұмыспен қамтудың жасырын саласынан тіркелген еңбек рыногы саласына, атап айтқанда, қолданылып жүрген әлеуметтік жеке кодтарының міндетті қолданылу саласын кеңейту жолымен ауысуды ынталандыру жөнінде шаралар әзірлеу;
еңбек рыногындағы сұраныс құрылымының өзгерістерін болжау бойынша әдістеме жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру болып табылады.

Ішінара жұмыс берушілер қаржыландыратын жол құрылысын дамыту, жол жөндеу, ағаш отырғызу, инфрақұрылым (коммуналдық желілер, телефондандыру және басқалары) бағдарламалары қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруда негізгі бағытқа ие б о л а д ы .

Шағын бизнес пен кәсіпкерлік саласында жұмыс орындарын құру, өзін өзі жұмыспен қамтуды дамыту жұмыспен қамту жөніндегі ахуалдың жақсаруына мүмкіндік туғызатын болады. Аз қамтамасыз етілген азаматтарға несиелер мен шағын несиелер беру жолымен жаңа жұмыс орындарын құруды және жеке кәсіпкерлікті дамытуды қолдау жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Экономиканың аграрлық секторында халықты жұмыспен қамту еңбек рыногында ерекше өзектілікке ие болады. Агроөнеркәсіп кешенінде реформалардың жалғасуына, селоның экономикасын банкроттық тетігі арқылы сауықтыруға байланысты селода жұмыс күшінің босап қалуы күтілуде.

Мемлекеттік кіріс саясаты:

еңбекке деген ынталылықты арттыруға, кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістерді ұ л ғ а й т у ғ а ;

мемлекеттің әлеуметтік көмегін, оның кімге мүлде қажет екендігіне және олардың дербес тіршілік әрекеті объективті себептерге қарай мүмкін емес азаматтарға ғана қатысты атаулылығын жетілдіруге бағытталатын болады.

Әйелдердің дамуға қатысуы

2001 жылға біздің елімізде әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі қызметтің төрт негізгі бағыты белгіленді: әйелдерді саяси және экономикалық жылжыту, әйелдердің және олардың отбасының денсаулықтарын жақсарту, сондай-ақ әйелдерге қатысты з о р л ы қ - з о м б ы л ы қ т ы ж о ю .

Әйелдерді саяси жылжыту бойынша ұлттық заңнаманың гендерлік сараптамасы

жалғастырылатын, сондай-ақ "Тең құқықтар мен мүмкіндіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданатын болады. Жоғары және орта білім жүйесінде гендерлік пәндерді енгізу басталады.

Әйелдерді экономикалық жылжыту бойынша шағын несиелендіру одан әрі дамитын болады. Осы мақсаттарға бюджет қаражаты бөлінетін, сондай-ақ қаржыландырудың қосымша бюджеттен тыс көздері іздестірілетін болады.

Әйелдердің денсаулығын жақсарту бойынша БҰҰ-ның агенттіктерімен, халықаралық ұйымдармен, донор елдермен және отандық фирмалармен әйелдердің денсаулығын жақсарту жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру үшін қосымша бюджеттен тыс қаражат тарту жөнінде белсенді жұмыс

жалғастырылатын болады.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күрес мақсатында "Тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданатын және тиісті статистикалық есеп-қисап енгізілетін болады.

Қарағанды және Шымкент қалаларында дағдарыс орталықтары ашылатын болады.

Білім беру

2001 жылы білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттері:

білім беру жүйесінің пәрменді заңдық және нормативтік базасын қалыптастыру;

білім берудің сапасын жақсарту, білім берудің жаңа ұлттық үлгісін енгізу;

білім сатыларының арасындағы сәйкессіздікті жою;

білімге қол жеткізуде экономикалық және аумақтағы теңсіздіктерді жою;

білім беру қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттыру;

білім беру саласында мемлекеттік және аймақтық деңгейлердің арасында жауапкершілікті жіті бөлу;

білім беру мекемелерін қаржыландыруды көпдеңгейлі және көпарналы тәсілді қамтамасыз ету болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беруде:

5-6 жастағы балаларды білім беру ұйымдарында міндетті мектепке дейінгі даярлау.

Жалпы орта білім беруде:

жалпыға бірдей сауаттылыққа қол жеткізу, мектеп жасындағы балаларды міндетті жалпы орта білім берумен толық қамтуды қамтамасыз ету; орта білім беруді ақпараттандыру, мектептерді толық компьютерлендіру.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру саласында: еңбек рыногының озыңқы қажеттілігіне және білім берудің мемлекеттік стандарттарына сәйкес білікті жұмысшылар мен мамандар даярлау.

Жоғары білім беру саласында: ел азаматтарының кәсіби білім алуы үшін мемлекеттік білім гранттары мен несиелерінің жүйесін дамыту.

2001 жылы мектепке дейінгі балалар ұйымдарының саны 1158 бірлік, ондағы балалар саны 128,8 мың адам, соның ішінде мемлекеттік емесі тиісінше 139 және 8,6 құрайды. Мектепке дейінгі балалар ұйымдарындағы балалардың саны 2000 жылғымен салыстырғанда 5,8%-ға, соның ішінде мемлекеттік еместері - 1,2%-ға өседі.

2001 жылы республикадағы мемлекеттік жалпы орта білім беретін ұйымдардың саны 8176 бірлік (2000 жылғымен салыстырғанда өсу 1%), оқушылар контингенті - 3144,6 мың адам құрайды (2000 жылғымен салыстырғанда өсу 0,5%).

Мемлекеттік емес білім беру ұйымдары одан әрі дамытылады. Осы ұйымдардың болуы азаматтардың оқу орнын және білім беру бағдарламасын таңдау еркіндігі құқығын іске асыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік емес мектеп ұйымдарының 1999 жылғы 199-ден 2001 жылы 221-ге дейін өсуі жобалануда, олардағы оқушылардың саны 7 % - ға өседі.

Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2001-2002 оқу жылында республиканың барлық мектептерін компьютерлендіруді аяқтау көзделді.

Жалпы білім беретін мектептер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді даярлаудың және басып шығарудың мақсатты бағдарламасы бойынша 2000-2001 жылдары мемлекеттік, орыс, ұйғыр және өзбек тілдерінде 5-11 сыныптар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді даярлау және басып шығару аяқталады.

Орта кәсіптік білім беруде мемлекеттік емес оқу орындарының саны 2000 жылғы 112-ден 2001 жылы 121-ге дейін артады, оқушылар саны 13,7%-ға өседі.

2001 жылға дейінгі кезеңде мемлекеттік азаматтық жоғары оқу орындарының саны 52-ден 34-ке дейін қысқаратын болады.

Мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының саны 1999 жылғы 111-ден 2001 жылы 126-ға дейін артады. Өсу негізінен жекешелендірілген мемлекеттік жоғары оқу орындарының есебінен жүргізілетін болады.

Денсаулық сақтау

2001 жылы денсаулық сақтау саласында азаматтардың денсаулық қорғау саласындағы құқықтарының кепілдіктерін қамтамасыз етуге, аурулардың алдын алуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған шаралар қолданылатын болады.

"Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасын және басқа кешенді бағдарламаларды іске асыру, медициналық қызметтің еркін рыногын қалыптастыру және халықтың қалың топтарының денсаулық сақтауға қол жеткізуін сақтау мақсатында денсаулық сақтауды басқарудың ұтымды жүйесін құру жөніндегі жұмыс жалғастырылады. Халықтың медициналық көмекке қол жеткізуін және сапасын жақсартуға, медициналық сақтандырудың қазіргі заманғы жүйесін енгізуге бағытталған денсаулық сақтау саласындағы заңнаманы жетілдіру жөнінде жұмыс жүргізілетін болады.

Қазақстан Республикасында фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, сондай-ақ денсаулық сақтау саласында қолданылып жүрген мақсатты кешенді бағдарламаларды одан әрі іске асыру жөнінде қосымша шаралар қабылданып болады.

"Диабет", "Халық денсаулығы" бағдарламаларының шеңберінде диабетке қарсы, туберкулезге қарсы дәрілік заттарды, сондай-ақ сывороткаларды, вакциналар мен иммунобиологиялық препараттарды сатып алу жүзеге асырылатын болады.

2001 жылы мемлекеттік емес дәріханалардың саны 4626 болады, бұл 2000 жылғыға карағанда 20,2% артық. Дәріханалық құрылымдарда дәріханалық практиканың тиісті ережелерін орындауға қабілетті жоғары білікті мамандар жұмыс істейтін болады.

Денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында "Тегін медициналық көмектің кепілдікті көлемін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 қаңтардағы N 135 P000135_ қаулысына сәйкес 2201 жылға арналған қаржыландырудың қажетті көлемдері қарастырылатын болады.

"Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасында көзделген іс-шараларды санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бөлігінде іске асыру Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен мекемелерінің бірінші кезектегі міндеті болып табылады.

2001 жылы медицина ғылымы одан әрі дамиды. Диагностиканың жаңа әдістерін алу және ең ауыр ауруларды емдеу саласында іргелі зерттеулерді орындау көзделуде. Қолданбалы зерттеулер медициналық көмек көрсетудің, еңбекті нормалаудың, емдеу-диагностикалық процесінде жаңа технологиялардың жаңа стандарттарын әзірлеуге бағытталады болады.

"Білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Z990389_ Заңына сәйкес медициналық білім беруді жетілдіру және кадр саясаты оқу процесін оңтайландыру, дипломнан кейінгі деңгейде білім беру сапасын, орта медициналық қызметшілерді даярлауды және қайта даярлауды жақсарту, кадрлар даярлау процесінде ақпараттық

технологияларды, аудио және видеотехниканы енгізу, денсаулық сақтау жүйесі үшін басқару кадрларын даярлаудың арнаулы бағдарламаларын жасау бағытында жүзеге асырылатын болады.

Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан осы заманғы аспаптармен жабдықталған оқу клиникалық үлгі орталықтары құрылатын болады. Ауылдық денсаулық сақтау жүйесінің мамандарын даярлауға және тұрақтандыруға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды басқару

2001 жылы қоршаған ортаны қорғау саласында қоршаған ортаның нашарлау қарқынын төмендетуге және оның сапасын тұрақтандыруға бағытталған іс-әрекет жалғастырылатын болады.

Табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауды басқарудың тиімді жүйесін құру, республиканың қоршаған ортаны қорғау және табиғатты тиімді пайдалану жөніндегі аса өткір проблемаларын шешу үшін заң актілері мен нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіру көзделеді, ол үшін атмосфералық ауаны және өсімдіктер дүниесін қорғау туралы, экологиялық бақылау туралы заңдар, Су және Орман кодекстерінің, жануарлар дүниесін қорғау туралы заңның жаңа редакцияларын әзірлеу және қоршаған ортаны қорғау саласындағы басқа да заңдар мен жалпы азаматтық заңнамаға өзгерістер енгізу қарастырылуда.

Табиғи-ресурстық әлеуетті зерттеудің және тенгерімді пайдаланудың бағдарламаларын әзірлеуді жалғастыру көзделуде. Орман, балық, аң шаруашылығын және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамытудың Бағдарламасын әзірлеуді аяқтау қарастырылуда.

Экологиялық аудандастыру, мемлекеттік кадастрлар жүйесін құру, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен экологиялық туризм объектілерінің желісін дамыту, өнеркәсіп орындарының экологиялық аудитін жүргізу, экологиялық таза және ресурс сақтаушы технологияларды енгізу жөніндегі жұмыстар жалғастырылады.

Экологиялық және табиғат қорғау бағдарламаларын іске асыруға және шекара аралық әлеуметтік-экологиялық проблемаларды шешуге қаржыландырудың әртүрлі көздерін оңтайлы пайдалану жөніндегі жұмыстарды жалғастыру көзделеді.

Мәдениет, туризм, спорт

2001 жылы мәдениетті дамытудың негізгі басымдықтары мыналар болып табылады: қазақтың ұлттық мәдениеті мен тілін, сондай-ақ Қазақстан Республикасын мекендейтін халықтардың мәдениеті мен тілін сақтау және дамыту; тарихи-мәдени мұраны сақтау және көбейту, мәдени игіліктер мен қызметтерге қол жеткізілуін қамтамасыз ететін

саланың инфрақұрылымын сақтау және дамыту; халықаралық мәдени ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету, дүниежүзілік мәдени кеңістікке кірігу, мәдени өнімдер мен қызметтердің отандық рыногын қалыптастыру.

Мәдениет объектілерінің желісін ұлғайту және 2001 жылы кітапханалардың санын 3499 бірлікке дейін, кино қондырғыларын 844-ке, дейін, мұражайларды - 133 және театрларды - 43-ке дейін жеткізу көзделеді. Бұл ретте мәдениет ұйымдары көрсететін ақылы қызметтердің көлемі болжамды кезеңде 20%-ға артады.

Туризмді нығайту жөніндегі міндеттерді орындау үшін 2001 жылы "Қазақстан Республикасындағы туристік қызметтің негіздері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленетін болады. Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың Тұжырымдамасын және оның негізінде Бағдарламасын әзірлеу жоспарлануда.

Отандық деректердің салыстырмалылығына туризмнің статистикалық базасын Дүниежүзілік туристік ұйымның ұсынымдарына сәйкес келтіру жолымен қол жеткізілетін болады.

Қазақстан Республикасында Туризм саласындағы қауіпсіздік бағдарламасын әзірлеу елдің беделін арттыруға және жоғары дамыған мемлекеттерден туристердің ағылуына мүмкіндік туғызатын болады.

Туристік салаға инвестициялар тартудың Бағдарламасын әзірлеу және іске асыру көрсетілетін туристік қызметтердің сапасы мен қолайлылығын кеңейтуге және арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында дене тәрбиесі мен спортты дамыту жөнінде 2001 жылғы негізгі мақсат Қазақстан Республикасы халқының күнделікті тұрмысына салауатты өмір салты принциптерін одан әрі енгізу, материалдық-техникалық базаны дамыту және нығайту, оған қол жеткізілуін қамтамасыз ету, дене тәрбиесі мен спорттың бұқаралылығын одан әрі дамытуды қамтамасыз етуге, спорттық резервті және халықаралық дәрежедегі спортшыларын дайындауға, халықаралық спорт аренасында Қазақстан Республикасының жоғары беделін орнықтыруға қабілетті ұйымдық-әдістемелік, насихаттық және тәрбиелік шараларды әзірлеу болып табылады.

2001 жылы Қазақстан Республикасы халықтарының I жазғы Спартакиадасын дайындау және өткізу жоспарлануда.

Инфрақұрылымды дамыту

2001 жылы көліктік-коммуникациялық кешенді дамытудың мақсаты сыртқы рыноктарға шығуды қамтамасыз ететін ұтымды жүйені және транзиттік дәліздерді қалыптастыру, коммуникациялар мен жылжымалы құрамның техникалық жағдайын жақсарту болып табылады.

Көліктік және телекоммуникациялық жолдарды дамыту саласындағы мемлекеттік саясат мыналарды көздейді:

Су көлігінде Ақтау теңіз айлағын дамыту басты басымдық болып қала береді. Жүктерді экспорттық-импорттық тасымалдаудың ұлғаюын ескере отырып теңіз айлағының қайта тиеу қуаттарын одан әрі ұлғайту көзделуде. "Өзен теңіз" сыныбының кемелерін және бірінші кезекте танкерлер сатып алу жолымен Каспийде ұлттық сауда флотын құру үшін негіз қалануда. Ішкі кеме жүзетін жолдарда кеме қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін су жолдарын және гидротехникалық құрылыстарды (шлюздерді) кеме жүзетін жағдайда ұстау жөнінде іс-шаралар жүргізу көзделуде.

Телекоммуникациялар саласында негізгі қызмет халықтың байланыс қызметтеріне сұранысын қанағаттандыруға бағытталатын болады. Ұқсас жабдықты цифрлыққа алмастыру жолымен байланыс жүйелерін жаңғырту, сондай-ақ ұялы, икемді және байланыстың басқа да түрлерінің жаңа қазіргі заманғы стандарттарын енгізу жөніндегі жұмыс одан әрі дамытылады.

Пошта байланысында технологиялық процестерді жаңғырту мен автоматтандыру негізінде поштаны өндеудің жаңа технологияларын, пошта байланысы қызметтерінің жаңа қазіргі заманғы түрлерін енгізу және қаржылық қызметтер көрсету жоспарлануда (валюта айырбастау операциялары, халықтың депозиттерін қабылдау және тартылған қаражатты мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру, кассалық қызмет көрсету, ақша мен құндылықтарды инкассалау және тасымалдау, бағалы қағаздардың ұйымдасқан рыногындағы

делдалдық қызметтер, клиенттер тарту және шарттар жасау жөніндегі зейнетақы қорлары үшін агенттік қызмет көрсетулер, бағалы қағаздар рыногындағы трансфер-агенттің қызметтері). Бұл ретте пошта байланысының желісі бойынша сақталады және қызмет сапасы артады, пошта байланысының аймақтық желісі оңтайланады.

4. Мемлекеттік бағдарламалар

2001 жылы мынадай мемлекеттік бағдарламалар іске асырылатын болады:

Нақты секторды қолдау

Қазақстан Республикасында фармацевтика және медицина өнеркәсібін

дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 20.08.97 ж. N 3621 U973621_ Жарлығымен бекітілген. Іске асыру мерзімі - 1997-2007 ж ы л д а р .

Бағдарламаның мақсаты - меншікті өндірістік қуаттарды, шикізат ресурстарын,

ғылыми-техникалық әлеуетті неғұрлым толық пайдалану жолымен Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау жүйесінің дәрілік препараттар импортына тәуелділігін жоспарлы түрде азайтуды қамтамасыз ету және қазіргі заманғы технологиялардың негізінде жаңа фармацевтикалық өндірістер құру.

Ә л е у м е т т і к д а м у

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2000-2001 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Бағдарламаның мақсаты - Қазақстан Республикасында нашақорлық пен есірткі бизнесінің одан әрі таралуына қарсы тиімді мемлекеттік және қоғамдық іс-әрекет ұйымдастыру.

"Халық денсаулығы" Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 16 қарашадағы N 4153 U984153_ Жарлығымен бекітілген. Бағдарламаның мақсаты - халық денсаулығының жай-күйін жақсарту, денсаулық сақтау жүйесінің халыққа медициналық қызметтер көрсетудің сапалық жаңа деңгейіне тезірек шығуына мүмкіндік туғызатын, іс-шаралардың қысқа мерзімді, орташа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарларын әзірлеу және іске асыру.

Ана мен баланың денсаулығын қорғау, салауатты өмір салтын қалыптастыру, әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алу, қоршаған ортаны қорғау, халыққа медициналық қызмет көрсету жүйесін және денсаулық сақтауды басқаруды, медициналық білім беру мен медицина ғылымын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар бағдарламаның құрамдас бөліктері болып табылады.

Денсаулық сақтауды қаржыландыруды қымбат тұратын стационарлық көмектен амбулаториялық-поликлиникалық көмекке қайта бағдарлау жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Мемлекеттік емес денсаулық сақтау секторы одан әрі дамытылатын болады және емдеу-профилактикалық ұйымдарын кезең-кезеңімен жекешелендіру жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасы.

Мемлекет Басшының 1997 жылғы 22 қыркүйектегі N 3645 N973645_ өкімімен бекітілген. Бағдарламаның мақсаты - Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін құру.

Іске асыру мерзімі 1998-2002 жылдар. Осы бағдарлама бойынша 2001-2002 оқу жылында республиканың барлық мектептерін компьютерлендіруді аяқтау көзделеді.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындаудың және басып шығарудың мақсатты бағдарламасы.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1173 P961173_ қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасы үкіметінің 1999 жылғы 30 наурыздағы N 323 P990323_ қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы). Бағдарламаның негізгі мақсаты оқушылардың білімдері мен дағдыларының базалық деңгейін қамтамасыз ететін, пәндер бойынша оқыту тұжырымдамалары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, тексеру тапсырмаларының жүйелері олардың құрамдас бөлігі болып табылатын, пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу болып табылады.

Осы бағдарламалар бойынша 2000-2001 жылдары жалпы білім беретін мектептер үшін мемлекеттік, орыс, ұйғыр, және өзбек тілдерінде 5-11 сыныптар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындау және басып шығару аяқталады.

Тіл құрылысының негізгі бағыттарын қамтитын Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Бағдарламаның мақсаты Қазақстан Республикасында мемлекеттік және басқа тілдерді дамыту үшін қолайлы жағдайлар туғызу болып табылады.

Іске асыру мерзімі 2001-2010 жылдар.

Шетелдерде тұратын отандастарымызды қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308 U963308_ Жарлығымен бекітілген. Бағдарламаның мақсаты - шетелдегі қазақ диаспорасын Қазақстан Республикасының мектептері мен жоғары оқу орындарында оқыту арқылы қолдау, мәдени-көркемдік дамуын қамтамасыз ету. Мерзімі - тұрақты жұмыс істейтін бағдарлама.

